

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Карлығаш» государственного учреждение «Отдел образования Мугалжарского района управления образования Актюбинской области**



**№10 «Мұрагер» ортаңғы тобының
2022-2023 оқу жылына ұйымдастырылған
іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
бағдарламасы негізінде
2022- 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2022 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-----------------|----------------------------------|--|
| Қыркүйек | Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалактау. Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, қалаш тәрізді дөңгелету, отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп түрган қалыптан солға, онға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру.</p> <p>Негізгі қимылдар: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу Тепе-тендікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру Сапқа бір-бірден тұру. Спорттық жаттығулар: Уш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p> |

| | |
|-----------------------------------|---|
| Сөйлеуді дамыту | Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті дауысты (а, ә, е, о, ү) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; Сөздік қор:онын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру Байланыстырып сөйлеу: суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; |
| Көркем әдебиет | Оқу, әңгімелуе ертеңілердің мазмұнын түсінуге, тындауға, бейнелі сөздерді есте. . . сақтауға үйрету |
| Қазақ тілі | Тілдің дыбыстық мәдениеті: 1) қазақ тілінде ертеңілерді, әңгімелерді, сөздерді айту кезінде екпінді дұрыс қоя білу дағдыларын бекіту; Сөздік қор. - жақын ортадағы кейбір тұрмыстық заттардың атауларын, заттардың көлемі мен түсін білдіретін қазақ тіліндегі сөздерді айтуды үйрету. |
| Математика негіздері | Сан. біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; Геометриялық пішіндер геометриялық пішіндерді тану және атау Кеңістікте бағдарлау өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Уақытты бағдарлау. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. |
| Құрастыру | Құрылыш материалдарынан құрастыру әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыштар құрастыру; |
| Коршаған ортамен таныстыру | Tірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру Тұған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Менің отбасым. отбасылық суреттерді қарауға және отбасы мүшелері мен олардың |

| | |
|------------|--|
| | <p>әрекеттерін атауга үйрету Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Балабақша, балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту Балалар тұратын қала мен ауыл атаудың атау.</p> |
| Сурет салу | <p>Заттық сурет салу. көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); Сәндік сурет салу. ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру Сюжеттік сурет салу Қарапайым табиғат құбылыстарын</p> |
| Мүсіндеу | <p>Заттық мүсіндеу: Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу. ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-тұлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> |
| Жапсыру | <p>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көніл күйін қабылдау; Эн айту. Дыбыстаудың бірынғай күшімен бірдей қарқында ән салу Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. бірінің артынан бірі жүргу барысында би ырғагын, музыканың би сипатын игеру;</p> |

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде

2022-2023 оку жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2022 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------------|----------------------------------|--|
| КАЗАН | Дене шынықтыру | <p>Жүру. Бірқалыпты сапта бірбірден, екеуден (жұппен) жүру;</p> <p>Тепе-тендікті сақтау. Тепе-тендікті сақтай отырып, бір қырымен жүру.</p> <p>Жүгіру. Бірқалыпты сапта бір-бірден жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық)</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p>Сөздік қор. Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.</p> |
| | Көркем әдебиет | Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тындау. |
| | Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. Балалардың ересектермен және |

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <p>құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту.</p> |
| Математика негіздері | <p>Сан.«Көп», «бір» үғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп).</p> |
| Құрастыру | <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p> |
| Коршаган ортамен таныстыру | <p>Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегендеге белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді менгеру. Коршаган ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету.</p> |

| | |
|-------------------|---|
| Сурет салу | . Сурет салу. Көлденең және тік сзықтарды салуға үйрету, олардың қылышысын жүргізе білу. |
| Мұсіндеу | Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылыққа баулу. |
| Жапсыру | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыруға үйрету. |
| Музыка | <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыкамен журу мен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі журу және шашырап жүргуге үйрету.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде**

2022-2023 оку жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2022 жыл

| Айы | Ұйымдастыр ылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------|--|--|
| ҚАРАША | Дене шынықтыру | <p>Жүру. әртүрлі бағытта: тұра, шенбер бойымен жүру. Тепе-тендікті сақтау. қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) үстімен жүру. Жүгіру. алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. төмennен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тұра бағытта еңбектеу. Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен секіру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық аппаратты дамыту Сөздік қор. заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байту Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> |

| | |
|-----------------------------------|--|
| Көркем әдебиет | Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. |
| Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. |
| Математика негіздері | Сан. біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаган ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. |
| Құрастыру | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылым бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауга және қолдануға үйрету. |
| Қоршаган ортамен таныстыру | Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. |

| | |
|-------------------|---|
| Сурет салу | Әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сзықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |
| Мұсіндеу | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, шиratу, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтұлік тағамдарын мұсіндеуге үйрету. |
| Жапсыру | Дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| Музыка | Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қымылдарды орындау, қымылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022-2023 оку жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» МҚҚҚ.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан 2022 жыл

| Айы | Ұйымдастыр ылған іс- әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|------------------|--|--|
| ЖЕЛТОҚСАН | Дене шынықтыру | <p>Жүру.«жыланша», шашырап жүру. Тепе-тендікті сақтау.арқан бойымен жүріп тепе-тендікті сақтау. Жүгіру. әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру. Домалату, лактыру, қағып алу. оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лактыру Еңбектеу, өрмелеу. заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу. Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор.қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> |
| | Көркем әдебиет | Жаңа ертегі мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. |
| | Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. бірлескен әрекеттері туралы келісуге, |

| | |
|-----------------------------------|--|
| | ортак тақырыпта әңгімелесуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. |
| Математика негіздері | Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. |
| Құрастыру | Бұрын алғынған дағыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | Мениң Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киң үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды менгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуда үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. |

| | |
|-------------------|--|
| Сурет салу | Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету |
| Мүсіндеу | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). |
| Жапсыру | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. |
| Музыка | Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғакты қимылдар орындау. |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

2022-2023 оқу жылына арналған

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекжай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------|--------------------------------|---|
| КАҢТАР | Дене шынықтыру | <p>Жүргүп. тапсырмаларды орындаі отырып : қол ұстасып жүргүп. Тепе-тендікті сақтау. тұра жолмен тепе тендікті сақтай отырып жүргүп. Жүгіру. «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. оң және сол қолмен тік нысанана (нысанана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Еңбектеу, өрмелегу. еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор. Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді куанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру Тұлдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табигат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуга үйрету.</p> |

| | |
|-----------------------------------|--|
| Көркем әдебиет | Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуга баулу.</p> <p>Сөздік қор. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді айтуды қалыптастыру.(«бөле», «аға», «апа», «іні», «қарында»),</p> |
| Математика негіздері | <p>Шама. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру</p> |
| Құрастыру | Құрастырылатын құрылышты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастыруға үйрету. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> |

| | |
|-------------------|---|
| Сурет салу | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды |
| Мұсіндеу | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| Жапсыру | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, қатпарлау) қолдану. |
| Музыка | <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оку бағдарламасы негізінде 2022-2023 оку жылына арналған
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бебекожай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың күрүлу кезеңі: ақпан айы 2023 жыл

| Aйы | Ұйымдастырған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|-------|-------------------------|--|
| Ақпан | Дене шынықтыру | <p>Жүру.арқаннан ұстап, тоқтап жүру.</p> <p>Тепе-тендікті сақтау.бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру.белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру,</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу.аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне</p> <p>Еңбектеу, өрмелеву.көлбеу модуль бойымен еңбектеу.</p> <p>Секіру. күрсаудан күрсауға секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор. дәстүрге байланысты балалармен ән айту.</p> <p>Тілдің грамматикалық күрілімы. етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p> |
| | Көркем әдебиет | Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. |
| | Қазақ тілі | Тілдік дамытушы орта. өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. |

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор. тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту.</p> |
| Математика негіздері | <p>Шама. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуralар. Ұстau және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигуralарды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> |
| Құрастыру | Бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылышын талдауға баулу. |
| Коршаған ортамен таныстыру | <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (сүүқ, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінезд-құлыш өрежелерін сактау (санырауқұлактар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстau), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> |

| | | |
|--|-------------------|---|
| | Сурет салу | Қылқаламнан алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суга шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлышпен суртіп кептіруді үйрету. |
| | Мұсіндеу | Мұсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бүйімдарды мұсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | Жапсыру | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. |
| | Музыка | Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тындауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тындауға |

үйрету.

Музыкалық-ыргактық қозғалыстар. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оку жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оку бағдарламасы негізінде**

2022-2023 оку жылына арналған

Үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білімберу үйымы: «Қарлығаш» бобекжай – бакшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортанғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2023 жыл

| Айы | Үйымдастырылған іс-әрекет | Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------|----------------------------------|---|
| НАУРЫЗ | Дене шынықтыру | <p>Жүру. жартылай отырып жүру, бұрылыш жүру. Жүгіру. белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Домалату, лактыру, қағып алу. заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. туннель арқылы еңбектеу Секіру. құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. бір-бірінің жанына сапқа тұру.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор. дәстүрге байланысты балаларға би билету, жұмбақ шешкізу. Тілдің грамматикалық құрылымы. етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуда мүмкіндік беру.</p> |

| | |
|----------------------------|--|
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік көр.</p> <p>тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айтужәне түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> |
| Математика негіздері | <p>Шама. Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Өзінің деңе мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында.</p> |
| Құрастыру | <p>Құрастырған құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| Коршаған ортамен таныстыру | <p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Тұған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> |

| | |
|------------|---|
| Сурет салу | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. |
| Мүсіндеу | Қазақ халқының әшекей бүйымдарымен (білезік, жұзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. |
| Жапсыру | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| Музыка | <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қимылдарын ойындарда қолданудына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары
және Мектепкедейінгі тәрбиемен оқытуның үлгілік бағдарламасынегі
зінде**

**2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекожай – бақшасы» МКҚҚ.

Топ № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------------|----------------------------------|--|
| Сәуір | Дене шынықтыру | <p>Жұру. заттарды айналып жұру. Жүгіру. қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру. Еңбектеу, өрмелеву. саты бойымен өрмелеву Секіру. 15-20 сантиметр биіктікten секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. шенберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша)</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор. Жаңылтпаш, санамақ айтқызыу. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу. ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p> |

| | |
|-----------------------------------|--|
| Көркем әдебиет | Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым коріністерді ойнауга, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |
| Қазақ тілі | <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпактар, жаңылтпаштарды жаттауга баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде колдануға үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айттып беруге баулу.</p> |
| Математика негіздері | Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында, он-сол. |
| Құрастыру | Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылышпен бірге ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтүшіге, аула сыптырушиға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.</p> <p>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.</p> |

| | |
|-------------------|--|
| Сурет салу | Тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. |
| Мұсіндеу | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| Жапсыру | Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы |

| | | |
|--|---------------|--|
| | | киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. |
| | Музыка | <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыйызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p> |

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары
және Мектепкеде дейінгі тәрбиемен оқыту үлгілік бағдарламасының
зерттеу**

**2022-2023 оқу жылы на ариналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білімберу ұйымы: «Қарлығаш» бөбекожай – бақшасы» МКҚК.

Топ: № 10 «Мұрагер» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2023 жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------------|----------------------------------|---|
| МАМЫР | Дене шынықтыру | <p>Жүру. еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p>Жүгіру. тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лактыру, қағып алу. төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.</p> <p>Секіру. сзықтан секіру, тұрган орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.</p> <p>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Саптағы, шенбердегі өз орнын табуға үйрету.</p> |
| | Сөйлеуді дамыту | <p>Сөздік қор. Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғагының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналуға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> |

| | |
|-----------------------------------|---|
| Көркем әдебиет | Балаларды тақпактар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| Қазақ тілі | <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей колдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p> |
| Математика негіздері | Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, танертең-кешке. |
| Құрастыру | <p>Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін колдану, ірі және ұсақ құрылым материалдарынан, улғі бойынша, ойдан құрастыру.</p> <p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға, ұқыптылыққа баулу.</p> |
| Коршаган ортамен таныстыру | Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылыктар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. |

| | |
|-------------------|---|
| Сурет салу | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сактауға, ұқыптылыққа баулу |
| Мүсіндеу | Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сактауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Жапсыру | Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сактауға, ұқыпты болуға баулу. |
| Музыка | <p>Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қозғалыстар. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.</p> |